

1. Оқу пәнінің паспорты

Пәннің атауы «Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері»

ЖОО-лық компонент пәні

Кредит саны мен оқу мерзімі

Барлығы – 3 кредит

Курс: 2

Семестр: 3

Аудиториялық сабақтар – 45 сағат

Дәрістер – 30 сағат

Тәжірибелік – 15 сағат

МӨЖМ – 4,5

Соның ішінде МӨЖ - 180

Еңбек сыйымдылығы барлығы – 225 сағат

Бақылау формасы

Емтихан – 3 семестр

Пререквизиттер:

- Әдебиет териясы;

- Тіл білімінің философиялық-әдістемелік мәселелері;

- Әдебиеттанудың өзекті мәселелері.

Постреквизиттер:

-Тіл білімінің/қазақ тіл білімінің/ әдебиеттанудың/қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары

2.Пәннің мақсаты мен міндеттері

Пән: Әдебиеттану

Пәнді оқыту мақсаты:

Магистрлерге филология ғылымының бүгінгі келелі мәселелерін жан-жақты талдау, түсіндірумен қатар, оларды соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу мақалалармен таныстыру, мәнді маңызды еңбектерді конспектілеу, бүгінгі әдебиеттану бағытын аңғартатын пікірлермен, негізгі идея, басты ағымдарды түсіндіру, өзара салыстыру, алда тұрған өзекті мәселелерді айқындау, зерттеудің жаңа әдістемелері мен әдіс-тәсілдерін іздестіру болып табылады. Сонымен қатар, магистрлерді филология ғылымының өзекті мәселелерінен жан-жақты хабардар етіп қана қоймай, қиын де күрделі мәселелер туралы өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар беру болып табылады.

Пәннің міндеттері:

Филология факультетінің магистратура сатысында оқытылатын бұл курстың мазмұны бұрын бакалавр сатысында оқылған әдебиеттану пәндерін

қайталау емес, соларды негізге ала отырып филологияның тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, қайшылығы мол әр түрлі тұжырымдарды салыстыра қарастыру болып табылады. Бұрын үстірт қана айтылып кеткен әдебиеттанудың кейбір мәселелеріне енді бүгінгі ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға беріп, түбегейлі талдап, зерделеудің маңызы ерекше. Әлі күнге дейін баспа бетін көріп жарияланбаған, ғалымдардан өзіне тиесілі бағасын ала алмай келе жатқан тарихи мұраларымызбен әлі күнге дейін шығармашылық қасиеттері жете зерттелмей келе жатқан талант иелері туралы да осы курс аясында біршама ой толғап, практикалық сабақтарда талдау, зерделеу, сараптау.

3. Білім, икемділік және дағды-машықтарға қойылатын талаптар

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттардың:

- Жалпы әдеби процесс туралы;
- сол кезеңдегі түрлі ағымдар мен әдеби бағыттар туралы;
- халықтық сипаты, қоғамдық маңызы жөнінде түсінігі болуы қажет.

Білуі қажет:

- осынау күрделі де жауапты тұста батыс әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың көрнекті-көрнекті шығармаларын;
- жалпы әдеби мұралары жөнінде кең көлемді мағлұматтарды.

4. Пәнді оқудың тақырыптық жоспары

р/с №	Тақырып	Сағат саны			
		Дәр.	Тәж.	МӨЖ М	МӨЖ
1	Қазіргі әдебиеттану ғылымы және оның даму бағыттары	2	1	3	5
2	Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары	2	1	3	5
3	Әдебиет тарихы алдындағы жаңа міндеттер	2	1	3	5
4	Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері туралы қазіргі ой-пікірлер	2	1	3	5
5	Қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттары	2	1	3	5
6	Әдебиет және қоғамдық сана өзгерістері	2	1	3	5
7	Әдебиет және беллетристика	2	1	3	5
8	Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері	2	1	3	5
9	Әдеби шығармашылық психологиясы	2	1	3	5
10	Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері	2	1	3	5

11	Көркем әдебиеттің әлеуметтік сипаты	2	1	2	6
12	Суреткер таланты туралы ғылыми пайымдаулар	2	1	2	6
13	Дәстүр және жаңашылдық	2	1	2	6
14	Төңкерісшіл ақын-жазушылар туралы бүгінгі көзқарас	2	1	2	6
15	Көркем шығармашылықтағы әдеби сынның ролі. Қазіргі әңгіме жанрының даму ерекшеліктері	2		2	6
Барлығы: 180 (4 кредит)		30	15	40	80

5. Қолданылатын әдебиеттер

Негізгі:

1. Негимов С. Әдебиет әлемі. Алматы: Ана тілі, 2008. -256 б.
2. Негимов С. Таным мен пайым. Алматы: Арыс, 2009. -240 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлендер Алматы, 2003 ж.
4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-ЖүсіпКөпеев шығармаларының тілінің кейбір мәселелері. Павлодар: 2002 ж. -238б.
5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001 ж
6. Сәтбаева Ш.К. . Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2010 ж. -567 б.
7. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. Алматы, 2009 ж.

Қосымша:

8. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Алматы, 2001.
9. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. А., 2000.
- 10.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2001.
- 11.Савельева В. Художественный текст и художественный мир. А., 1996.
- 12.Хализев В. Теория литературы. М., 1999.